

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тарих факультеті
Қазақстан тарихы кафедрасының докторанты Токсанбаев Алмас
Коргаджановичтің философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
«Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлардағы билік жүйесі: тарихнама
мәселелері» тақырыбындағы диссертациясына шетелдік ғылыми кеңесшінің

П І К І Р І

Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлардағы билік жүйесі өзіндік ерекшеліктерге ие, күрделі және түрлі тарихи оқиғаларды бастан кешіруге байланысты өзгерістер мен толықтыруларға ұшырағаны белгілі. Мұны тарихи тұрғыдан түсініп, маңызды қорытындылар шығару үшін алдымен мәселенің тарихнамалық құрылымына талдау жасау керек. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тарих факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының докторанты Токсанбаев Алмас Коргаджановичтің философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы да осы бағытта жазылған еңбек. Автор өзінің шама-шарқынша ортағасырлық көшпелілер қоғамындағы билік мәселесін жүйелі түрде қарастырып, сол бағыттар бойынша жазылған мәліметтерді еңбектерді анықтау арқылы бірнеше тараушалар бойынша жүйелеген.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері, хронологиялық шеңбері, теориялық-методологиялық негіздері, зерттеудің тарихнамасы мен деректік негізі, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар мен жұмыстың қолданбалық маңызы сияқты стандартты мәселелер жазылған. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы кіріспенің өзектілігінде анық көрсетіліп, зерттеудің негізгі бағыттары дұрыс қойылған. Зерттеу жұмысы тікелей тарихнамамен байланысты болғандықтан, автор кіріспеде тарихнамаға ерекше назар аударғаны байқалады. Тарихнамалық бөлімнің құрылымы хронологиялық негізде жазылып, кей жағдайда, авторлардың еңбектерінен маңызды деген пікірлер келтірілген. Бұл өз кезегінде, зерттеу жұмысының тарихнамалық тұрғыдан дұрыс әрі шынайы жазылғанын айғақтай түседі.

Диссертацияның бірінші тарауы Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлардағы билік жүйесіне қатысты зерттеулерге шолу жасау арқылы, жүйелі хронологиялық жағдай қалыптастырған. Зерттеу жұмысын оқу барысында ұғынықты және жүйелі талдау жасауға әсер еткенін көруге болады. Мәселенің зерттелу тарихы жалпы ағанда екі ғасырға жуық уақытты қамтиды. Автор осы ұзақ мерзімдік зерттеулерге объективті көзқараста талдау жасап, түрлі саяси жағдайлар негізінде ұсынылған еңбектердегі

ақпараттарға бүгінгі көзқарас тұрғысынан баға беруге тырысқанын аңғаруға болады. Бұл жұмыстың жаңашыл әрі, бүгінгі қазақ тарихы үшін маңызды зерттеу бола алады.

Бірінші тараудың екінші тараушасында автор теориялық методологиялық мәселелерге баса назар аударып, өзінше тұжырымдар жасайды. Салыстырмалы түрде шет елдік авторлардың еңбектерін қарастыра отырып, жасаған тұжырымдарымен жалпы келіскенімізбен, ішінара кейбір мәселелердің әлі де зерттей түсуді қажет ететіндігі байқалады. Мәселен биоәлеуметтік теориялар негізінде жазылған еңбектер дей отырып, автор аса көп авторлардың еңбектерін келтіре алмайды. Бұл өз кезегінде аталған теориялық мәселенің толық ашылмай қалуына әсер ететін секілді. Дегенмен, автордың пікірінше, бұл теориялық мәселе белгілі кезеңде көтерілгенімен, онда билікке қатысты тұжырымдар өте сирек кездесуімен түсіндурге тырысқан.

Диссертацияның екінші тарауында биліктің сакральдылығы мен көсемдік теориясына қатысты мәселелер қарастырылады. Жалпы автордың осы тақырыптардағы зерттеулерін дұрыс қойылған мәселе деп есептеймін. Себебі, соңғы жылдары түркі халықтарында «сакральдылық» ұғымы жиі көтеріліп жүргені белгілі. Бұл ұғымдардың бастаулары тамырын тереңнен алатынын ескерсек, автордың жалпы бағыты дұрыс екендігін көреміз. Сакральдылық ұғымының билікпен қатынасын ашып көрсетуде, ізденуші қазақстандық ғалымдармен қатар, ресейлік және батыстық зерттеушілердің де еңбектерін сәтті қолданған. Әрі аталған зерттеулерге талдау жүргізе келе, аталған ұғымның кейбір ерекшеліктері бар екендігіне назар аударады. Сонымен қатар, биліктің сакральдылығы мәселесінің отандық зерттеушілердің еңбектерінде көбіне біржақты қаралатынын да атап өтеді. Бұл өз кезегінде аталған тақырыптың зерттеу жұмысында дұрыс көтерілгендігін және тақырыптың маңыздылығын арттыра түседі.

Диссертациялық жұмыстың үшінші тарауында автор билік құқығы мен билік атрибуттарына талдау жүргізеді. Жалпы автордың осы үшінші тарауы өте сәтті шыққан деп бағалауға келеді. Диссертацияның алғашқы тараулары күрделі талдауларға ұласып, кейбір тұстарында бір-бірімен астасып кетіп жатса, соңғы тарауы нақты зерттеу объектісіне негізделген болып шығады. Оның ішінде билік атрибуттарының заттай мәседениет үлігелрімен қатар, қазақ халқының жыр-аңыздарындағы фольклорлық деректермен толықтырылып жазылуын дұрыс деп есептейміз.

Жалпы көшпелі қоғамы, оның ішінде дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік символдарына талдау жасаған соңғы бөлімінде автордың тарихи тұрғыдан ғана емес, фольклорлық зерттеу методологиясы тұрғысынан

келгені дұрыс болар еді. Бірақ, зерттеу жұмысының тарихнамалық негізде жазылуы бұл мәселені кемшілік ретінде қарастыруға әсер етпейді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тарих факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының докторанты Токсанбаев Алмас Коргаджановичтің философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлардағы билік жүйесі: тарихнама мәселелері» тақырыбындағы диссертациясын қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Анкара Хажы Байрам Вели университеті
Түрік фольклоры кафедрасының меңгерушісі
Профессор, доктор Өжал Оғуз

28.10.2021

